Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті
төрағасына

Жазылған арызға қарсы пікір.

3074163-2 санды электронды конкурсының қорытындылар туралы хаттамасына "Геодезия сервис" және "Жетісу саулет құрылысы" ЖШС-гі лері арыз білдіруде.

Атап айтқанда **"Жетісу саулет құрылысы" ЖШС-гі** «ДИАС-проект»ЖШС-гін белгіленген 15 % демпингтік бағадан төмен түскендігін көрсеткен.Алайда аталған себеп бойынша веб-портал автоматты түрде баға тастау процедурасында кері қайтармаған болатын. Және де Мемлекеттік сатып алу заңының 9-бабына сай және Қағиданың 150-тармағында аталған баға ұсыну туралы әлеуетті өнім берушінің өтінімін қайтатындығы туралы жазылмаған. Яғни аталған негізбен әлеуетті өнім берушінің өтінімін қайтару қағиданың 150-тармағында көрсетілмеген себептермен заңсыз қайтаруға жатады деп саралаймыз.

Және де **"Геодезия сервис"ЖШС-гі** өз арызында «ДИАС-проект»ЖШС-гінің өтінімінде **Инженерлік-геодезиялық жұмыстар бойынша рұқсат құжатын** ұсынбағандығын алға тартуда. Алайда аталған конкурсқа қосалқы мердігер ретінде тартылған **«Шымкент Геология»ЖШС-гінің** лицензиясында аталған жұмыстарды орындау бойынша лицензия қосымшасында ұсынылған. Оған қоса **<u>арызда жазылған негіздер</u>** , алдын ала рұқсат беру хаттамасында ашық көрсетілмеген.Аталған іс-әрекет қағинадың 137-тармағына қайшы келеді.(*Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қараған кезде, әлеуетті өнім берушілерді, конкурстық комиссияның алдын ала рұқсат беру хаттамасында көзделмеген негіздер бойынша қабылдамауға жол берілмейді.*).Яғни комиссия мүшелерінің алдын-ала рұқсат беру хаттамасында көрсетіген негіздерді «ДИАС-проект»ЖШС-гі толығымен түзеткен.

Заңның 16-бабының 5-тармақшасына сай уәкілетті орган : *Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылауды, оның ішінде камералдық бақылауды жүзеге асырады, қажет болған кезде мемлекеттік сатып алуға қатысушылар ұсынған есептік деректердің, материалдар мен ақпараттың анықтығын тексереді;*-деп анық көрсетілген.

Осыған орай «ДИАС-проект»ЖШС-гі алдын-ала рұқсат беру хаттамасындағы қайтару негіздерін толық орындауына байланысты біліктілік талаптары сай деп тануды және де "Геодезия сервис" және "Жетісу саулет құрылысы" ЖШС-гі арыздарын қараусыз қалдыруды сұранамын.

«ДИАС-проект»ЖШС-гі директоры Н.Сеиілхан. ЭЦҚ колы.